

Келісіді _____
Атырау қалалық
білім бөлімінің басшысы
Ф.Ф.Шангереева



Бекітемін _____
№16 «Дюймовочка» бөбекжай-
бақшасының директорын у.м.а.
Ж.С.Арстанғалиева



**№16 «Дюймовочка» бөбекжай-бақшасының
2020-2021 оқу жылына арналған
ОҚУ ЖОСПАРЫ.**

2020-2021 оқу жылының білім беру процесіне түсіндірме жазба

№16 «Дюймовочка» бөбекжай-балабақшасының 2020-2021 оқу жылындағы базалық оқу жоспары ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 ІІІ Заңы, ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы, «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы) қосымша өзгерістерімен 20.08.2020 жыл, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы), «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығы, ҚР Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына 1-қосымша, 2- қосымшасы негізінде 2 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды оқыту қазақ және орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес құрылды.

Бөбекжай-бақшада 9 топ жұмыс жасайды. Оқу-тәрбие процесі бес топта мемлекеттік тілде, төрт топта орыс тілінде жүргізіледі.

Барлық жас топтары үшін оқу жылы – 1 қыркүйектен 30 мамырға дейін (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны іске асырылады).

Оқу жоспары 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналып жасақталды.

Оқу жоспары №16 «Дюймовочка» бөбекжай-бақшасының 2020 жылғы жиырма сегізінші (28) тамызда өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып бекітілді.

Оқу жоспары кіші топтан мектепалды даярлық тобы аралығын қамтиды.

2 жастан 3 жасқа дейінгі №4 «Гномики» кіші қазақ тобы балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 9 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 10-15 минут. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы.

2 жастан 3 жасқа дейінгі №7 «Балапан» кіші қазақ тобы балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 9 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 10-15 минут. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы.

3 жастан 4 жасқа дейінгі №1 «Балдаурен» ортаңғы қазақ тобы балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 11 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы -15-20 минут. Вариативтік компонентке 1 сағат бөлінді. «Ертегілер елінде» - 1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы – 12 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонент оқу қызметін тәрбиеші күннің екінші жартысында жүргізеді. Оқу жылының ұзақтығы - 36 оқу аптасы.

3 жастан 4 жасқа дейінгі №9 «Смешарики» ортаңғы орыс тобы балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 11,5 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы -15-20 минут. Вариативтік компонентке 0,5 сағат бөлінді. «В стране сказок» - 1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы – 12 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонент оқу қызметін тәрбиеші күннің екінші жартысында жүргізеді. Оқу жылының ұзақтығы -36 оқу аптасы.

4 жастан 5 жасқа дейінгі №8 «Күншуақ» ересектер қазақ тобы балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 12 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 20-25 минут. Вариативтік компонентке 2 сағат бөлініп, «Би билеп үйренейік» - 1сағат, «Этнопедагогика» - 1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы – 14 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонент оқу қызметін ересектер тобының тәрбиешісі мен би маманы күннің екінші жартысында жүргізеді. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы.

4 жастан 5 жасқа дейінгі №3 «Сказка» ересектер орыс тобы балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 12,5 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 20-25 минут. Вариативтік компонентке 1,5 сағат бөлініп, «Учимся танцевать» - 1сағат, «Занимательная математика» - 0,5 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы – 14 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонент оқу қызметтерін ересектер тобының тәрбиешісі мен би маманы күннің екінші жартысында жүргізеді. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы.